

Ғалым МҰТАНОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры

ШЫҢҒА БАСТАЙТЫН БАСТАМА

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясындағы дара бастамалардың бірі — «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бірауыздан қолдауға ие болған, қоғамдық сананы жаңа биікке көтерген өркенді бастама. Еліміздегі жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдері үшін тың серпіліс тудырған бұл жобаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті алғашқы күннен-ақ белсенді араласып келеді.

Университеттің гуманитарлық саладағы ғалым-ұстаздары Ұлттық аударма бюросымен бірлесіп, алты оқулықты аударып баспаға дайындауды міндеттеріне алды. Аса жауапты шаруаны үйлестіруге университет басшылығынан бастап, факультет декандары, кафедра меңгерушілері, «Рухани жаңғыру» орталығы мен «Қазақ университеті» баспа үйінің қызметкерлері жұмыла кірісті. Алты оқулыққа университеттен 31 маман тартылды. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының редакциялық алқа құрамында ҚазҰУ-дың төрт бірдей ғалым-оқытушысының болуы да бұл жобаға қосылған салмақты үлес деп ойлаймын.

Жалғасы 2-бетте

Қош келдің, әз-Наурыз!

Ырыс пен ынтымақтың, татулық пен бірліктің жаршысына айналған Ұлыстың ұлы күнін халқымыз ерекше күтеді. Осынау ұлық мерекені еліміздің іргелі білім ордасы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жыл сайын бар сән-салтанатымен қарсы алады. Биыл да дәстүрге сай **Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы алаңында «Қош келдің, әз-Наурыз!» деген атпен Наурыз тойы өтті.**



Биылғы мейрам қарашанырақ аумағында екі бірдей субұрқаның ашылуымен ерекшеленді. Тамаша көрініске куә болған көпшілік қауым жыл сайын университет аумағында жаңа нысандар бой көтеріп, жыл өткен сайын қалашықтың көркі артып келе жатқандығын атап өтті.

Жиында сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Бүгін еліміздегі ең үлкен ұлттық мейрам – әз-Наурызды атап өтіп отырмыз. Тарих қойнауынан бастау алған ұлық мерекені табиғаттың бізге берген үлкен сыйы деп білемін. Күн мен түн теңесіп, жарқын болашаққа қадам бастаған күн де келіп жетті. Оның маңыздылығын, тарихын, ауқымдылығын ескере отырып, ЮНЕСКО-ның әлемдік деңгейдегі мейрамдардың қатарына қосқаны біз үшін үлкен мәртебе. Биылғы жылы университетіміз жеткен жетістіктер баршамызды қуантады. Атап айтар болсақ, QS агенттігінің 2018 жылы жүргізген дербес бағалау қорытындылары бойынша ҚазҰУ «QS Stars Development Road map» халықаралық рейтингісінің «Төрт жұлдыз» үстемдік белгісін Қазақстанда алғаш болып иеленген Орталық Азия аймағындағы тұңғыш университет атанды. Қазақстан ЖОО арасында гуманитарлық ғылымдар бойынша QS пәндік рейтингісінің 150 тобына енуі, «Университеттердің әлеуметтік жауапкершілік бойынша желісі» (USRN) беделді ұйымының мүшесі атануымыз, ҚазҰУ-дың БҰҰ тұрақты даму бойынша «Академиялық ықпал» бағдарламасының Жаһандық хабына айналуы, университет ұсынған жоғары оқу орындары дамуының жаңа тұғырнамасы – 4.0 университет үлгісі және басқа да биік белестеріміз университет ұжымының ерен еңбегі деп білемін. Бүгінгі кештің өтуіне де атсалысып жатқан әріптестеріме алғысым шексіз», —дей келе, Наурыз мерекесінде әр шаныраққа құт-береке, толағай табыс пен ынтымақ тіледі.

Наурыз тойына қонаққа келген белгілі ақын, аудармашы, ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің түлегі Шәмшібай Сариев: «Бүгін Алатаудың баурайында көктем мерекесінің ұлы тойы – Наурыз кең көлемде тойланып жатыр. Наурыз халқымызда мамырға дейін созылатын ұлық мереке саналады. Мерекеді ҚазҰУ қалашығында субұрқак ашылып, ата-салтымызға тән игі дәстүрлер көрініс табады. Іргесі сөгілмес бірліктің мерекесі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі туған жер

топырағына бақыт, береке сыйлағай!» — деп ақ ниетін білдірді.

Сән ұлттың Отанына айналған тәуелсіз еліміздің бейбіт өмірі мен бақуатты тірлігін паш еткен, тамыры тарихтың тереңнен бастау алатын, татулық пен бірліктің ұйытқысына айналған Наурыз мерекесінде университетіміздің оркестрі күмбірлете күй шертіп, дүйім жұрттың қошеметіне бөленді.

Ұлыстың ұлы күнінде ҚазҰУ қалашығы тұрғындары мен қонақтары қазақ салт-дәстүрге сай ағаш көшеттерін отырғызды. Атадан аманат болған игілікті іске Алматы қаласы әкімдігі, ҚазҰУ басшылығы, дипломатиялық корпус өкілдері атсалысып, қолдарына күрек алып, ағаш отырғызу рәсіміне жұмыла қатысты. Жыл басында тал егу ырымы бұл мереке назардан тыс қалған емес.

Сондай-ақ мереке қарсаңында ұйымдастырылған «Тазалық апталығы» байқауында «Үздік оқу ғимараты» номинациясы бойынша I орынды тарих, археология және этнология факультеті, II орынды география және табиғатты пайдалану мен механика және математика факультеттері иемденсе, III орынды химия және химиялық технология мен жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеттері жеңіп алды. Мерекелік шарада ұйымдастырылған «Үздік факультет», «Үздік құрылымдық бөлімше» сынды басқа да номинациялар бойынша үздіктер анықталып, жеңімпаздар арнайы марапатқа ие болды.

Салтанатты шараға жиналған қауым киіз үй төрінде жайылған дастарханнан дәм татты. Домбыра шанағынан күй төгіліп, қыздар мың бұрала би билесе, сал-серілік қырымен танылған жігіттер қауымы әуелете әуезді ән шырқады, қол күрестіріп, білек күштерін сынасты. Аға буын өкілдері жастарға бата беріп, шежіреден сыр тарқатылды. Көк қылаулап, бәйшешек бүр жарған жанару күнінде көпшілік бір-біріне тек жақсылық тілеп, алдағы күнге үлкен үмітпен көз тастады. Еліміздің бірлігі мен жарасымды тірлігін көрсете білген ҚазҰУ тойы жастарға арналған би кешіне жалғасты.

Б.Б. СҰЛТАНОВА,
есеп және аудит кафедрасының доценті

Жалғасы 8-бетте

ҰСТАЗҒА ҚҰРМЕТ

Жуырда география және табиғатты пайдалану факультеті, картография және геоинформатика кафедрасының ұйымдастыруымен геоморфология мектебінің негізін қалаушы, аты аңызға айналған геоморфолог, геолог, географ және картограф ғалым, география ғылымдарының докторы, профессор Мұқатай Жандайұлы Жандаевтың құрметіне орай «Геожүйелердің заманауи зерттеулер әдістемелігі мен практикасы» атты IX Жандаев оқуларының халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

ҚР ғылымына Енбегі сінген қайраткер М.Ж.Жандаев геоморфология кафедрасын 1974 жылы ашып, сол кафедраның ең алғашқы меңгерушісі болып сайланған (1974-1988). Кейіннен картография және геоинформатика деп аталынған бұл кафедра күні бүгінге дейін өз жұмысын жоғары деңгейде атқарып келеді.

Мұқатай Жандайұлы 1953 жылдан бастап өмірінің соңына дейін ҚазҰУ-да қызмет етті. Өз бойына география және геология ғылымдарын терең сіңірген ғалымның ғылыми еңбектері физикалық география, төрттік кезең геологиясы, геоморфология, экология және табиғатты қорғаудың барлық бағыттарын түгелге жуық қамтыған. Университетімізде қызмет атқарған 50 жылдың ішінде Мұқатай Жандайұлы Жандаев өзінің жемісті және жан-жақты зерттеулерімен Қазақстанның жалпы және аймақтық геоморфологиялық мәселелерінің дамуына үлкен үлес қосты. Солтүстік және Орталық Қазақстанда, Бетпақдалада және Оңтүстік Балқаш аймақтарында, Солтүстік Тянь-Шань тау жүйесінде жүргізген көптеген далалық экспедицияларының материалдарында география және геоморфологиядан аймақтық мәселелерді терең зерттеп, оларға ғылыми тұрғыдан баға берген.

Жалғасы 5-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

ВО ФРАНЦИИ ОТКРОЕТСЯ
ЦЕНТР АЛЬ-ФАРАБИ



2-стр.

НОБЕЛЕВСКИЙ
ЛАУРЕАТ ПРИГЛАСИЛ
СТУДЕНТОВ КАЗНУ
В СВОЮ ЛАБОРАТОРИЮ



3-стр.

MY FIELD STUDY VISIT TO
AL-FARABI UNIVERSITY



4-page

Такое предложение было озвучено вице-президентом Федерального университета Тулузы Миди-Пиреней г-ном Лораном Гроклодом во время встречи с руководством КазНУ имени аль-Фараби. Поддерживая своего коллегу, ректор Галым Мутанов отметил, что будущий центр стал бы платформой для более тесного сотрудничества и реализации совместных проектов.

Во Франции откроется Центр Аль-Фараби



направлена на формирование казахстанской научной элиты в области геологии и добычи энергетических ресурсов через подготовку студентов по дудипломной программе.

Следует отметить, что между КазНУ и университетами Франции сегодня реализуются дудипломные программы в бакалавриате, магистратуре и докторантуре. На встрече с представителем Федерального университета Тулузы Миди-Пиреней был обсужден академический процесс, вопросы науки и образования.

В завершение встречи состоялось подписание соглашения о сотрудничестве в

области права, менеджмента, инженерных наук и аэрокосмонавтики. «Для университета Тулузы, это первое соглашение с главным и признанным казахстанским университетом, уверен оно обеспечит плодотворное партнерство двух вузов», — отметил Лоран Гроклод.

Также он подчеркнул, что это позволит многим студентам, уже в начале следующего учебного года, воспользоваться программой дудипломного образования и получить возможность на полугодовое обучение во Франции.

Пресс-служба

Жалғасы. Басы 1-бетте

ШЫҢҒА БАСТАЙТЫН БАСТАМА

Ұлттық университет даярлауға атсалысқан еңбектер: Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы» (философия кафедрасы), Грегори Мэнкьюдің әйгілі «Экономикс» кітабы (экономика кафедрасы), Джорж Ритцердің «Әлеуметтану теориясы» (әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы), Алан Барнардтың «Әлеуметтік антропология: тарихы мен теориясы» атты оқулығын (дінтану және мәдениеттану кафедрасы), Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революция» атты кітабы («Рухани жаңғыру» ғылыми-инновациялық орталығы), Элиот Аронсонның «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе» оқулығы (жалпы және колданбалы психология кафедрасы).

Демек, Елбасы тұсауын кескен алғашқы 18 оқулықтың үштен бірі ҚазҰУ ғалымдарының үлесінде. Мұны біз мақтанышымен айта аламыз. Бұл оқулықтардың барлығы озық елдердің маңдайалды оқу орындарында қолданылып келе жатқан, әрқайсысы бірнеше мәрте қайта басылған, сынаржақ идеологиялық мақсатты көздемейтін, ең таңдаулы ғылыми туындылар. Әлемге әйгілі бұл еңбектердің көпшілігімен университет ұстаздары бұрыннан таныс болатын. Сондықтан Ұлттық аударма бюросының аталған оқулықтарды аудару жөніндегі ұсынысын ұстаздар құлшына қолға алды. Бұрын бұл еңбектер оқытушылардың өздерінің аударумен там-тұмдап қана таныстырылатын. Әсіресе, оған қазақ тілінде оқытатын мұғалімдердің қолы жете бермейтін, ал қазақ тілді топтарға тіптен қиын еді.

Міне, енді оқулықтардың тұсаукесер рәсімінде Елбасы атап өткендей, қазақ тілді гуманитарлық сала әлемдік білім нәрімен өз тілінде еркін сусындайтын болды. Ұлт болашағы үшін жасалып жатқан бұл қамқорлық, менінше, әлемде теңдесі жоқ құбылыс. Аса күрделі әрі өзекті шаруаны кеңінен ойластыра келе Ұлттық аударма бюросы сияқты арнайы құрылымды жасақтап, оны тікелей өз бақылауында ұстап отырған Мемлекет басшысының кешегі тұсаукесер шарада төгілте айтқан пікірін осы жобаның келешегін айқындаған бағдарламалық ойлар деп қабылдаған жөн. Бар-жоғы бір жылдың айналасында Ұлттық аударма бюросы үлкен шаруаны үйлестіріп, қомақты нәтиже көрсете алды. Елбасы сол игілікті іске сәт сапар тіледі.

Жекелеген университеттер мен оқу орындарының мұндай ауқымды істі атқаруға шамасы жете бермесі анық.

Тіпті, бір оқулықтың өзінің авторлық құқығын алып, аударып, басып шығару қыруар қаржыны талап етеді. Сондықтан елдік мұратқа бағытталған осындай кемел шаруаның біздің елімізде мемлекеттік тұрғыдан жүзеге асырылып отырғандығын ерекше атап өтуге тиіспіз.

Бұл, әрине, істің басы ғана, алда ауқымды, жауапты істер бар. Ең алдымен, осы 18 оқулықты оқу бағдарламаларына енгізіп, дәрістер курстарын әзірлеп, келесі оқу жылынан бастап студенттердің игілігіне айналдыру шаруасы кезекте тұр.

Тұсаукесерде осы аса салмақты жүкті Елбасы тағы да жеңілдетіп берді. Оқулықтардың кітап нұсқасымен қоса, электронды баламасы мен бейне-дәрістер курсы қоса дайындау қажеттігі жөнінде Ұлттық аударма бюросына тапсырма берді. Енді оқулықтар оқытушыларға да, студенттерге де қолжетімді болады. Сонымен қатар цифрлық технологияға негізделген бейне-дәрістер курсы сабақ сапасын әлемдік деңгейге көтеріп, қашықтықтан оқытуға мүмкіндік туғызады. Былайша айтқанда, бұл оқулықтар білім беру деңгейін ғана емес, әдістемелік технологияны да жаңа белеске көтереді.

Енді 2018-2019 оқу жылында осы оқулықтар бойынша Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында дәріс беріле бастайды. Елімізде әлемнің негізгі білім трендтерінен жақсы хабардар, қазіргі заман талаптарына сай мамандар дайындау басталады. Болашақтағы үлкен міндет — осы оқулықтарды оқыту процесіне ілкімді кіріктіру, олар жөнінде арнайы оқыту материалдарын даярлап, жүзеге асыру. Бұл істе де біздің университет мамандары алдыңғы қатардан табылады деп сенемін.

Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА

ҚазҰУ ректоры Иран мемлекеті Шахида Бехешти университетінің президенті Сеид Хассан Саду бастаған делегация құрамымен кездесті.

ӘРІПТЕСТІК

ҚазҰУ ректоры Галым Мұтанов кездесуде екі ел арасындағы мәдени байланыстардың маңыздылығына тоқталып, «Иран-Тұран» жобасының қолға алынғанын тілге тиек етті. «Аты айтып тұрғандай, аталмыш жоба білім мен ғылым, мәдениетті камтумен қатар, екі ел қарым-қатынасын жаңа сатыға көтеретін үлкен жоба болатынына сенімдіміз. Аталмыш жоба бойынша қазіргі таңда бірнеше нақты нәтижелер бар. Атап айтар болсақ, «Экологиялық этика», «Ирандағы түрік этностары», «Шахнама әлемі» сынды жобалар бізді өте қатты қызықтырады. «Иран-Тұран» болашақта Фараби әлемін зерттеу барысында ортақ жобалардың бірі болады деп ойлаймыз», — деді ректор.

Өз кезегінде Сеид Хассан Саду ғылым мен білімнің іргелі ордасы — ҚазҰУ-ға аяқ басқан сәтте ерекше күйге түскенін жеткізді. «Екі университет арасындағы байланыстардың бірі ретінде алдағы уақытта қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениетін өзіміздің университетте оқытуды мақсат етіп отырмыз», — деген ол ҚазҰУ ғылым орталықтарының әлеуетін жоғары бағалап, өзара студент алмасуды ұсынды. ҚазҰУ ректоры бұл ұсынысты қолдап, қазақ халқының тілі мен мәдениетіне деген ерекше құрмет үшін делегация құрамына шексіз алғыс білдірді.

Кездесу барысында тараптар Бехешти Шахида университетінің базасында Әл-Фараби орталығын ашу туралы келісімге қол қойды. Сондай-ақ 2020 жылы ЮНЕСКО көлемінде әл-Фарабидің 1150 жылдығын атап өту жайы кеңінен сөз болды.

Баспасөз қызметі

МАҢЫЗДЫ ЖИЫН

Ректораттың кезекті мәжілісі қалыптасқан дәстүр бойынша үздік студенттерге шәкіртақы табыстаумен басталды.



Жиналыста алғаш болып мінбеге көтерілген ҚР мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Айгүл Байханова «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесін құру туралы баяндама оқыды. Айта кетейік ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Алматы қаласы әкімдігі және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бастамасымен елімізде алғаш рет «Саналы ұрпақ — жарқын болашақ» атты республикалық форум өткен болатын. Аталмыш форумның аясында ҚазҰУ базасында ашылған офисте жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша арнайы әдістемелер мен бағдарламалар шығару жоспарлануда. Булардан өзге, қазіргі кезде ЖОО-ның, колледждер мен мектептердің рейтингін анықтайтын, сонымен қатар академиялық шынайылығын белгілейтін benchmark жүйелер қолға алынуда, оқу орнының әр типі үшін жемқорлыққа қарсы механизмдер енгізілуде. Жоба аясында оқу орнының әр категориясы үшін оқытушылар қызметін бағалайтын жүйе жасалатын болады.

Күн тәртібінде қозғалған кезекті мәселелердің бірі — QS Subject Ranking-те журналистика факультеті кафедраларын алға жылжыту бойынша жол картасы талқыланды. Баспасөз және электронды бұқаралық ақпарат құралдары кафедрасының менгерушісі Гүлмира Сұлтанбаева өз баяндамасында кафедраның шетелдік университеттермен біріге отырып «Әл-Фараби — Ломоносов» — «әлеуметтік медиа адам дамуының капиталы», «Арт журналистика» бағдарламасы бойынша бакалаврда қос диплом жобасы жүзеге асырылып жатқандығын айтты. Сонымен қатар Scopus базасында тіркелген Asian Journal of Communication, Political Communication, Journalism & Mass Communication Quarterly атты журналдарда кафедра оқытушыларының жарияланымдары да жарық көруде. Сондай-ақ «Егемен Қазақстан» порталында жас журналистерге арналған оқу-тәжірибелік жоба «Egemen academy» бөлігінде кафедраның тұрақты түрде аудио-контенттері орнатылып тұрады. Журналистика факультетінің басқа да кафедраларының республикалық БАҚ-та жарияланған имдждік жарияланымдар жақсы көрсеткіштерге ие, оған қоса кафедралар халықаралық дәрежедегі форумдар мен конференциялар өткізіп тұрады.

Жиында өзге де кафедра менгерушілері әлемдік рейтингте алға жылжу бойынша жоспарларын ортаға салып, оқытушы-профессорлар құрамы өз ұсыныстарын білдірді.

Сондай-ақ «Парасат» қызметкерлер кәсіподағының төрағасы Талғат Мекебаев Наурыз мерекесін тойлау аясында «Үздік киіз үй — 2018» номинациясы жеңімпаздарын хабарлады. Бас жүлде Жағдаяттық басқару орталығына бұйырса, 1-орынды жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті иемденді. Жүлделі 2-орынды әскери кафедра мен журналистика факультеті жеңіп алды. Ал 3-орынға механика-математика факультеті, «Қазақ университеті» баспа үйі мен филология және әлем тілдері факультеті лайықты деп танылды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Алматы қаласы әкімдігі және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бастамасымен елімізде алғаш рет «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ» атты республикалық форум өтті.

Жемқорлықпен күрес – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ



Жемқорлыққа қарсы технологиялар зертханасы

Жиында сөз алған ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен сананы қалыптастыруға арналып отырған бүгінгі форум барлығымыз үшін өте маңызды. Себебі жемқорлықпен күрес – қоғамдағы ең күрделі мәселелердің бірі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сыбайлас жемқорлықты ұлт қауіпсіздігіне төнген басты қатер деп атап, қазақстандық қоғамды онымен аянбай күресуге шақырды. Президентіміздің Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен бастап әлемдік стандарттарға сәйкес институттар мен механизмдер құра отырып, максатты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын іске асырып келе жатқанын атап өтуіміз қажет.

Қазіргі қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында біздің азаматтарымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары саналылығын қалыптастыру қоғамда бірінші орынға қойылып отыр. Елбасы «Рухани жаңғыру» бағдарламасында ұлттың дамуына кедергі жасайтын өткеннің элементтерінен бас тарту қажеттігін атап көрсеткен болатын. Сыбайлас жемқорлық – бұл адамның бәсекеге қабілетті болуына және сананың ашықтығын дамытуға, прагматизмге кедергі жасайтын қоғамның әлеуметтік дерті. Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына ену мақсатына қол жеткізу үшін, біз әлеуметтік кесел ретіндегі жемқорлықты жоюымыз қажет», – деп пікір білдірді.

Өз кезегінде Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек мемлекеттік органдардың ашықтығы, есеп беруі, тазалығы және олардың азаматтық қоғаммен белсенді ынтымақтастығы жағдайында ғана жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігі артатынын тілге тиек етті. «Қазіргі кезде елімізде жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық құқықтық құралдары жасалған. Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының Жемқорлыққа қарсы стратегиясы бекітілген, «Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қоғамдық кеңес туралы», «Ақпараттың қолжетімділігі туралы» маңызды заңдар қабылданған. Біздің ортақ міндетіміз – жемқорлықты мүлдем қабылдамайтын ашық ойлауды, құқықтық және қаржылық мәдениетті

қалыптастыру, тұрмыстық жемқорлықты жою. Мемлекеттік органдарға келген әрбір жан кейде келеңсіздікке тап болады. Мұндай жайсыз жағдай білім, денсаулық сақтау мекемелері немесе құқық қорғау органдарында кездесуі мүмкін. Сондықтан биыл әкімдіктің барынша өзекті 10 қызметі «paper-free» қағидасы бойынша электронды форматқа көшіріледі, – деді қала әкімі.

Агенттік төрағасы Алик Шпекбаев өз сөзінде елімізде жемқорлық деңгейінің төмендеуіне қарамастан, білім жүйесінде жемқорлық қаупінің айтарлықтай белең алғандығын айтты. Оның айтуынша, білім және ғылым гранттарын бөлу, бюджет қаржысын игеру, басшы құрамды іріктеу, білім беру ұйымдары қызметкерлерінің категориясы мен жүктемесін анықтау мәселелері ашық жүргізілмейді, жемқорлық қаупін анықтау жүйесі мен сараптама жасау жоқтың қасы, жемқорлыққа жол берген қызметкерлері үшін басшылар жеке жауапкершілікке тартылмайды.

«Бүгінгі күні еліміздің түбегейлі жаңаруы жағдайында адами капиталды дамыту міндеті алдыңғы орынға шығуда. Бұл Қазақстанның әлемнің бәсекеге қабілетті мемлекеттер қатарына енуінде маңызды шарт болып табылды. Мемлекет басшысының қолдауы арқасында соңғы 15 жыл ішінде білім саласына

жұмсалған қаржы 10 есе артты. Осы жылдар ішінде Қазақстан халықаралық білім кеңістігіне батыл ене түсті. Дегенмен, білім саласы жемқорлық қаупінің белең алуына тым бейім. Біз жемқорлықты жою шаралары көпшіліктің, соның ішінде білім саласындағы адамдардың қолдауына ие болады деген сенімдеміз», – деді ол.

Сондай-ақ форум барысында білім саласындағы жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың еліміздегі алғашқы «Саналы ұрпақ» атты офистік жобасы таныстырылды. ҚазҰУ базасында ашылған бұл офис жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша арнайы әдістемелер мен бағдарламалар шығаруды жоспарлап отыр. Одан өзге, қазіргі кезде ЖОО, колледж бен мектептердің рейтингін анықтайтын және академиялық шынайылығын белгілейтін benchmark жүйелер қолға алынды. Оқу орнының әр типі үшін жемқорлыққа қарсы механизмдер енгізілуде. Жоба аясында оқу орнының әр категориясы үшін оқытушылар қызметін бағалайтын жүйе жасалатын болады.

Шара соңында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі, Алматы қаласы әкімдігі мен ҚазҰУ арасында үшжақты меморандумға қол қойылды.

Өз тілшімізден

Мировые достижения ученых КазНУ

В рамках V Международных Фарабиевских чтений в КазНУ прошло большое мероприятие, посвященное Дню науки, где были подведены итоги научно-исследовательской деятельности ученых университета.

При подведении результатов работы было отмечено, что из года в год растет число публикаций в международных изданиях, индексируемых в базах данных «Web of Science» и «Scopus», прежде всего за счет повышения качества проводимых исследований и коллаборации с ведущими университетами и научно-исследовательскими центрами мира.

Так, например, две публикации ученых КазНУ К. Куратова и В. Зайберта, которые работали в составе международных исследовательских групп, вышли в авторитетных научных журналах «Nature» и «Science», имеющих один из самых высоких индексов импакт-фактора. Следует отметить, что каждая пятая казахстанская публикация в высокорейтинговых изданиях – это вклад ученых КазНУ.

Профессор факультета химии и химической технологии Г. Мун является признанным лидером науки об интерполимерных комплексах. По данным авторитетного в научном мире агентства «Web of Science» он и его ученик В. Хуторянский занимают первые позиции в мировом рейтинге ученых в этом научном направлении.

Ученые КазНУ им. аль-Фараби разрабатывают инновационные технологии, которые не имеют аналогов в мире. Так, коллектив ученых под руководством ректора академика Г.Мутанова создали инновационные технологии по извлечению бериллия и получили три патента США.

Своими мировыми достижениями известна научная школа КазНУ по теоретической физике плазмы. Известные университеты мира ведут исследования свойств неидеальной плазмы на основе уравнений и моделей, разработанных учеными КазНУ под руководством академика Т. Рамазанова. Научные статьи представителей школы процитированы учеными мира три тысячи раз.

Следует отметить, что за последние три года в КазНУ объем проводимых научных исследований вырос более чем в два раза.

Соб.контр

Лауреат Нобелевской премии Азиз Санджар провел открытую лекцию в КазНУ им. аль-Фараби и пригласил студентов на стажировку в свою лабораторию. Турецкий ученый-биохимик живет и работает в США. Выступление обладателей престижной премии в КазНУ стало хорошей традицией. Это десятый Нобелевский лауреат, который выступил в ведущем вузе страны.

Нобелевский лауреат пригласил студентов КазНУ в свою лабораторию



Азиз Санджар рассказал слушателям о своих научных интересах, творческом поиске и пути к открытиям, а также о работе научной лаборатории в США и команде ученых, с которыми он вместе проводит исследования.

Слушатели задавали именованному ученому интересующие их вопросы, в том

числе о возможностях применения его открытий в сфере биомедицины и борьбе с онкологическими заболеваниями, на которые он давал подробные ответы.

С особым воодушевлением были восприняты слова ученого о влиянии турецкого мира развитие мировой науки. «Турецкий мир

являлся генератором многих научных знаний и открытий человечества. В этом бесценен вклад вашего соотечественника, великого мыслителя Аль-Фараби, чье имя носит ваш университет. Наша общая задача – возродить былую роль турецкого мира в мировой эволюции и развитии передового знания и науки. Я буду счастлив видеть в своей лаборатории учеников из Казахстана», – подчеркнул Азиз Санджар.

«Чтобы добиться успехов в научной деятельности и в жизни в целом, необходимо взрастить в себе три качества: творческий подход, трудолюбие и последовательность», – отметил Нобелевский Лауреат, обращаясь со словами напутствия студентам. Также он подчеркнул, что молодые ученые, получившие образование за рубежом, должны возвращаться на Родину и вносить вклад в науку своей страны.

Решением Ученого совета КазНУ ученому за выдающийся вклад в науку и образование было присвоено звание «Почетного доктора КазНУ им. аль-Фараби», также он был принят в международный Клуб друзей университета. В ходе визита гость ознакомился с университетским кампусом, посетил ЦОС «Керемет», музеи и библиотеку КазНУ.

Пресс-служба

ҚазҰУ-да Ататүрік «Мәдениет, тіл мен тарих» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшілігімен түркі өлемінің халықаралық симпозиумы өтуде

MY FIELD STUDY VISIT TO AL-FARABI UNIVERSITY

Bilal Ahmad Malik

Research Scholar

Centre of Central Asian Studies,

University of Kashmir,

India, 190006

Ainura Kurmanaliyeva, both of them guided me and helped me throughout my stay in Kazakhstan. I had a good chance to interact with many senior faculty members of the faculty and discuss with them my research problem at length. For example, I had a long interview with Prof. Kairat Zaton, who is expert in religion and state relations, Prof. Karlygash Borbassova, who is expert in religion and culture, and Dr. Nurzat Mukan, who is expert in religious studies. I also had small a meeting with Dr. Bekzhan, who is Vice Dean of the Faculty of Philosophy and Political Science and Dr. Renata Kudaibergenova, who is Vice Dean of the Faculty of Oriental Studies, joined the meeting as a translator. Since, Kazakh people, including university professors, scholars and students, speak mostly in Kazakh and Russian, therefore, in most of the interviews and discussions, Nurlykhan would play as a translator.

During my internship, I actively visited the Al-Farabi KazNu Scientific Library, which is located in the main campus of the University. Here, I came to know about many books, related to religion, culture, and politics of the Kazakhstan, which were directly or indirectly relevant to my research problem, unfortunately, due linguistic barriers I couldn't read most of them. However, it didn't stop me, at least, to know about the major contents of the books, and again Nurlykhan's translation skills would help me out. I also consulted online material relevant to my study and, luckily, some research papers were in English which I could easily read. I also participated in two international events which were organized in the main conference hall of the library. The first one was International Youth Forum carried forward under the banner "Future Life, Future Leaders" jointly organized by the Al-Farabi University and University Alliance of the Silk Road (UASR). This event was point of attraction for me, because historically my homeland (Kashmir) was connected to great civilization of Central Asia through Silk Road.

The second event was XVII World Korean Forum, jointly organized by the Global Korean Foundation (GKF) and Al-Farabi University. This year's forum was dedicated to the 80th anniversary of the Koreans living in Kazakhstan and within the framework of the forum, participants, including politicians, diplomats, scholars, students, freely communicated and shared their opinions. The presentations made in this forum helped me to understand the nature of conflict between North and South Korea and the ways forward for peace and reconciliation. I must mention that here, for the first time, I got a chance to meet Hon'ble Rector of the Al-Farabi University and have a small talk. Before he left, I requested him for a photo and, very generously, he accepted my request and called his assistant to take our photo.

One of the great achievements for me, being a representative of my university, was to persuade the two institutions for signing a MoU in order to strengthen the academic relation and facilitate academic mobility between the two institutions. I am thankful to the Department of International Affairs for their cooperation vis-à-vis getting the MoU signed on due time. I believe that, MoU will function as bridge for students, scholars and faculty to communicate ideas and share thoughts and will help both institutions to organize joint conferences, summer schools and engage on joint research projects.



Apart from university engagements, I visited some important places such as Central Mosque (masjid), Muftiyate (Muslim Spiritual Administration of Kazakhstan), Noor Mubarak University and had general as well as thesis oriented discussions with the concerned officials. To understand nomadic life of Kazakhstan and now more about Central Asian Civilization, I also visited the Central Museum, the Archeological Museum and the Museum of Rare Books. It was really interesting to know the religious beliefs and cultural life of Kazakh people during their nomadic style of living and the tremendous transformations that has shaped the modern Kazakhstan while coming across different stages from arrival of Islam, Russian occupation, Soviet communism and till independence in 1991. I also visited some natural scenic sites like Koktobe (green hill), Medeo (skating rink), Presidents Park and some entertainment centers like Mega SilkWay and Maxima where I got a chance to talk to some English knowing local people. I also interacted with a lot of people, from different walks of life and different age groups, in canteens, restaurants, shopping malls, and public parks. All these informal interactions proved very helpful for me to understand Kazakh society and its public display in a deeper sense. I must mention, at most of the times, I was accompanied by Nurlykhan and Nurzat and their presence made my work much easier.

To conclude, I must say that it was really a wonderful experience. I learnt a lot about the cultural, religious and political structure of Kazakhstan. Prior

to my visit, I would imagine Kazakhstan through "other eye" by reading books, news, and research articles, but, now I have firsthand experience and that makes a big difference in carrying out an objective scientific research.

Dear Aizhan,

I promise that this is my last email to you today!!

Here are some points you might want to put in your report. You can replace [I] with my name.

